

БІРІНШІ РЕТ БІРІНШІ СЫНЫПҚА БАРУ БАЛАНЫ МЕКТЕПКЕ ҚАЛАЙ ДАЙЫНДАУ КЕРЕК

✦ **Баланың күн тәртібін реттеңіз.**

Мектеп сабақтарының басталуына шамамен екі апта қалғанда, болашақ бірінші сынып оқушысының күн тәртібін реттеу қажет. Бұл, ең алдымен, балабақшаға, әсіресе дайындық тобына бармаған балаларға қатысты.



✦ **Таңертең баланың жағдайын мұқият қадағалаңыз.**

Мектеп бала үшін сынақ немесе «аман қалу» курсы болмау керек. Таңертең балаңыздың қандай күйде екеніне назар аударыңыз. Баланы тамақтандырмай, немесе өзін нашар сезініп тұрған кезде, ешбір жағдайда мектепке жібермеңіз, өйткені ол мектепті жағымсыз сезімдермен байланыстырып, оқуға деген аса үлкен құлшыныс танытпауы мүмкін.



✦ **Балаңызға күн тәртібін сақтауды үйретіңіз.**

Ол қатаң белгіленген уақытта оянып, жуынып, шамасы келгенше жаттығулар жасап, таңғы асын ішуге дағдылануы керек. Баланы төсегін жинауға үйретіңіз – бұл да оның үйдегі міндеттерінің бірі ретінде әдетке айналуы керек.





✦ **Дұрыс эмоционалды көңіл-күй қалыптастырыңыз.**

Мектепте оқу – ата-анасы мен бауырларына емес, ең алдымен өзіне қажет қызықты, тартымды және пайдалы іс-әрекет екенін балаға нақты түсіндіру керек.

Мектеп сабақтарын бала маңызды және жауапты іс ретінде қабылдауы керек. Мұндай көзқарасты бірінші сыныпқа бармас бұрын, оқуға құндылық көзқарасын қалыптастыра отырып үйрету керек.

Көбінесе ата-аналардың өздері жеке тәжірибелеріне сүйене отырып, мектеп білімін төмендетеді. Бірақ ересектер өздерінің мектеп өмірінен қандай сабақ алса да, бұл олардың жеке тәжірибесі. Ал бала өз бетінше оқуы керек, сондықтан оған кейбір мектеп пәндерінің маңызды емес екендігі туралы айтудың қажеті жоқ.



✦ **Дұрыс мотивация беріңіз, жетістіктері үшін мақтаңыз, ал қателіктері үшін ұрыспаңыз.** Бірінші сынып оқушыларының көпшілігі барлық пән бойынша бірден жақсы үлгере алмайды. Бірақ бұл үшін баланы ұрысу керек емес. Қоқан-лоқы, айқай мен айыптаулар баланы тек қорқытады, оны сабақ оқымауға дағдыландырып, дәрменсіздік сезімін тудырады және баланың өзін-өзі бағалауын төмендетеді. Нәтижесінде бірінші сынып оқушысы тұйықталып, «жаман оқитын» оқушы рөліне бейімделеді. Бала бірінші сыныпқа бармас бұрын оның жетістіктері мен сәтсіздіктерін дұрыс қабылдауды үйрену керек. Бұл мектепке дайындық кезіндегі өте маңызды сәт.



Рюкзакты кешке дайындаған жөн. Арнайы тақтаға магнитті парақшалар іліп, онда сабаққа қажет нәрселерді жазып қоюға болады.

Сондай-ақ, бірінші сынып оқушысы өздігінен киінуі керек.

Түскі және кешкі ас ішу, ұйықтау уақытын бала қатаң сақтап үйренуі керек.

✦ **Балаңызға бейтаныс ұжымға бейімделуге көмектесіңіз.**

Бірінші сынып оқушыларының көбі бейтаныс ұжымда қиындықтарға тап болады. Егер мектеп пен балабақша жақын жерде орналасса және оның дайындық тобындағы достары онымен бірге бірінші сыныпқа барса, өте жақсы. Бірақ мектепте міндетті түрде бейтаныс балалар болады. Кішкентай бала жаңа әлеуметтік топтағы қарым-қатынас кедергілерін жеңіп үйренуі үшін, оны ойын алаңдарына, саябақтарға жиі апарыңыз, онда ол құрдастарымен араласып, эмоционалды интеллектпен т. б. дамыта отырып, қарым-қатынас тәжірибесін жинақтайды.

Мектепке дайындықтың ең жақсы нұсқасы – болашақ бірінші сынып оқушысын жазғы мектеп лагеріне апару.

